

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Мектеп ережелері

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.04.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/55937/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Сабақтың тақырыбы Мектеп ережелері

Ортақ тақырып Менің мектебім

Оқу мақсаты: 2.1.2.3. Мектептің ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық ережелерін түсіндіру

Күтілетін нәтиже Білу: Мектептегі тәртіпті біледі

Мектеп қоғамдық орын екенін біледі.

Үзіліс кезіндегі ережелерді біледі

Түсіну: — Адамның іс-әрекетінің айналаға қалай әсер ететінін түсінеді

— Үлкендер де, оқушылар да мектептегі ережелерді сақтау керектігін ұғынады.

— отбасын сүйуге, достына сену керектігін түсіндеді

1. Қолдану: ; Мектеп ережелерін құрастырады

.Олардың маңыздылығын сезінеді және өзі де ережелерге мойынсынады.

Талдау: Өз мінез-құлығын құрбыларының жүріп-тұруымен салыстырады

Жинақтау: Өзін ұстау мәдениеті туралы мақал-мәтелдерді құрастыру арқылы ойларын жинақтайды, өз пікірін білдіреді..

Бағалау: Оқушы мектепке келген кезде ең бірінші не істеу керек деп ойлайсындар?

Сабақтың құрылымы: I. Ақпарат блогы.

II. Логикалық тапсырмалар блогы

III. Жаттықтыру және білімді есепке алу блогы

IV. Интеллектуалдық тренинг блогы

IV. Күтілетін нәтиже блогы

• Оқыту әдісі: «АКТ» «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер», «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау», «Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету», «Оқытудағы көсбасшылық», «Ақылдының алты қалпағы». Мұғалім іс-әрекетінің тәсілі: Бағыт-бағдар береді, оқушыларға қажет болғанда көмек береді, олардың танымдық тапсырмаларды өз

бетімен орындауын қадағалайды. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру формасы: Бақылау сынақ сабағы Танымдық тапсырмалар: Сабақ ЖБЕА блогында беріледі. Оқушы іс-әрекетін ұйымдастыру: Күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін алгоритм бойынша жаттығуларды орындап суреттерді пайдалану арқылы сұрақтарға жауап беру; Өз мүмкіндігіне қарай деңгейлік тапсырмаларды орындау. Оқушыда дағды қалыптастыру: Өзін -өзі дамыту дағдылары-өзінің деңгейін бағалау, оны жоғарлату бағытында жүйелі жұмыс жасау, белгіленген мақсатқа жетіп барып қанағаттану, осындай «сәттілік сәтіне» ұмтылу; жинақталған біліммен қалыптасқан дағды негізінде ой қорыта алу. Негізгі ұғымдар мен терминдер: Ереже, тәртіп,

Ақпарат көздері: Интернет желісі, Оқулық Сабақты бағалау: Оқушының оқу іс-әрекеті тапсырмаларды орындау, деңгейіне байланысты бағаланады.

I. Ақпарат блогы.

Тақырып жоспары:

1. Ереже дегеніміз не?
2. «Тәртіп бар жерде тәрбие бар» мақалдың мағынасын түсіндіру .
- 3 Құқық бұзушылық
4. Заң
5. Мектепте өзін ұстау.

6. Көшеде өзін ұстау

Слайдтар: 1-слайд

2-слайд «Тәртіп бар жерде тәрбие бар»

3-слайд

4-слайд Заң дегеніміз не?

5-слайд Мектепте өзін ұстау

6-слайд. Көшеде өзін ұстау

Басталуы: Психологиялық кезең: «Біз тәртіпті баламыз»

Жаңа білім:

- 1.Оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады.
 - 1.1 Неліктен мектепке кешігуге болмайды?
 - 1.2Мектепке кешікпеу үшін не істеу қажет?
- 2.1 Мақалда не туралы айтылған? Ойларын тыңдау
- 2.2 Тәртіп-тәрбие туралы қандай мақал-мәтелдермен тиым сөздерді біліесіндер?
- 3.1 Құқық дегеніміз не?
- 3.2 Сен өз құқықтарыңды білесіңбе?
- 3.3 Баланың құқығын қорғайтын кітап қалай аталады?
- 4.1 Заң дегеніміз не және олар қалай пайда болған?
- 4.2 Заң кітабы қалай аталады?
- 5.1 Топтық тапсырма

1 - топ: мектеп ережелерін құрастырады. 2 - топ: үзіліс кезіндегі ережелерін құрастырады. 3 - топ: асхана ішіндегі ережелерін құрастырады. 4 - топ: сабақ кезіндегі ережелерін құрастырады 6.1:Әрбір жаяу жүргінші сияқты, әр бала көшеде аса сақтықпен жүріп тұруы тиіс.

2- оқушы :Көше тәртібін орындамау, көліктердің жүріп -тұруына кедергі жасайды,Жұмысшылар жұмысқа , оқушылар сабаққа кешігеді.

3-оқушы: Көшеде қақпадан шығып келе жатқан машина көрсең , күте тұр.Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт.

4-оқушы :Мектепке келе жатқанда өзіңе қауіпсіз болатын жерді таңдай біл,өтетін жер тар болса, кездескен үлкен кісіге жол бер.

5-оқушы :Көшеде қауіпсіз жүру үшін жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар бар.Адамдар жүргіншілер жүргіншілер жолымен ала жолақпен және тротуармен жүру керек. Тротуардың оң жағына жүруге тырысу керек.

6-оқушы: Көшеден өтпес бұрын солға қара,егер жолдың жүретін бөлігі бос болса ,онда өте бер ,жолдың ортасына жеткенде , тоқта, егер көлік келе жатса « қауіпсіздік» аралында күте тұр, енді оңға қара ,егер жүретін жол бос болса онда өте бер

II. Логикалық тапсырмалар блогы. Семантикалық карта

Тапсырма Дұрыс (+) Бұрыс (-)

Сабақтан себепсіз қалмау.

Үй тапсырмасын орындамау

Ұялы телефон әкелу

Досына көмектесу

Дәлізде жүгіру

—

III. Жаттықтыру және білімді есепке алу блогы.

1-деңгей

1. Мектепке келе сап, оқушы ең алдымен не істеуі керек? А) бірден сыныпқа барады; Ә) сырт киімін шешіп, аяқкиімін ауыстырып, сыныпқа барады;

2. Қандай заттарды мектепке өзіңмен бірге алып келуге болмайды?

А) айналадағылардың өміріне және денсаулығына қауіпті заттарды;Ә) ұялы телефон, плеер;

3. Сабақтың басталу белгісі: А) қоңырау; Ә) қоңыраулы сағат;

4. Оқушы мұғалім сыныпқа кірген соң не істеуі керек? А) орнынан тұру; Ә) достарымен сөйлесу; Б) сыныптан шығу;

5. Мұғалімге сұрақ қою үшін оқушы не істеуі керек? А) мұғалімнің сөзін бөліп, сұрақ қою; Ә) қолын көтеру;

II деңгей: топ ішінде жұмыс істеудің ережелерін құрастыр

1:-----.

2:-----

3: -----

III деңгей Сөйлемді толықтыр»әдісі арқылы тиісті сөзді табу.

Сабаққа(кешікпеу)

Партаға(дұрыс отыру)

Асханада(шулама,)

Дәлізде(жүгірме)

Сырттан қонақ келгенде(орнымыздан тұрамыз)

IV. Интеллектуалдық тренинг блогы. «Егер....., онда.....» стратегиясы арқылы тиісті сөздерді табу.

1-топ: Егер ,онда..... ; 2-топ:Егер , онда..... .

3-топ: Егер , онда..... ;4-топ:Егер , онда

V. Күтілетін нәтиже блогы. Кері байланыс: «Көше тәртібі » туралы ереже құрастыр

Үй тапсырмасы : «Менің оқудан тыс уақтым » Эссе

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.